№512/5428 жылу энергиясын өткізу бойынша қызметтер көрсетуге арналған үлгілік шарт

Петропавл к. 2025 ж. «01» шілде

«Петропавл Жылу Жүйелері» ЖШС Петропавл қ., БСН 990 140 000 176, бір тараптан (құжаттың атауы), бұдан әрі **Жеткізуші** деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет ететін, бас директордың м.а. В.В.Холоша тұлғасында, қызметтерді қолданушы «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық министірлігі Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция Комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі (тұтынушының деректемелері, мекен-жайы Петропавл қ., Парковая к.57В, бизнес-сәйкестендіру нөмірі 990 140 000 176, бұдан әрі **Тұтынушы** деп аталатын, Ереже негізінде әрекет ететін тұлғасында Бүркіталин Нұрлан Кенесұлы екінші тараптан төмендегі туралы осы Шартты (бұдан әрі-Шарт) жасасты:

1 тарау. Шартта пайдаланылатын, негізгі түсініктемелер

1. Шартта келесі негігзі түсініктемелер қолданылады:

есепті кезең-тұтынылған жылу энергиясы есепке алынатын және тұтынушыға төлеуге берілетін жылумен жабдықтауға арналған шартта айқындалатын уақыт кезеңі (күнтізбелік ай);

жылу энергиясы үшін төлем-тұтынушының тұтыну жылу энергиясы үшін төлем мерзімі аяқталғаннан кейін Жеткізуші ұсынған төлем құжаты негізінде төлеуі;

жылумен жабдықтау жүйесі -жылу тасымалдағышты өндіруге, тасымалдауға және пайдалануға арналған қондырғылар кешені;

жылу тұтынатын қондырғылар- жылу энергиясын тұтынушының қажеттіліктері үшін жылу энергиясы, жылу тасымалдағышты пайдалануға арналған құрылғылар жиынтығы;

жылу желісі жылу энергиясын жыл көздерінен жылу тұтынатын қондырғыларға дейін беру мақсатында, жылу тасымалдағыштың ағынын тасымалдауға және реттеуге арналған құбырлар мен құрылғылар жүйесі (орталық жылу пунктарын, сорғы стансаларын қоса);

жылу тасымалдағыш жылу энергиясын тасымалдау үшін қолданылатын сұйық немесе газ тәріздес зат (бу, ауа, су және өзге заттар);

жылу энергиясы- тұтыну кезінде жылу тасымалдағыштардың термодинамикалық параметрлері болатын тауар болып табылатын энергетикалық ресурс;

өлшеу құралдарын салыстырып тексеру-өлшем құралдарының белгіленген техникалық және метрологиялық талаптарға сәйкестігін анықтау және растау мақсатында мемлекеттік метрологиялық қызмет немесе басқа да аккредиттелген заңды тұлғалар жүзеге асыратын операциялар кешені;

Жеткізуші- сатып алынған жылу энергиясын Тұтынушыларға сататын ұйым;

тараптардың пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы жылуды тұтынатын қондырғыларға және/немесе желіге баланстық меншік құқығымен немесе тараптардың келісімімен айқындалатын жылу тұтыну қондырғыларын және/немесе тараптардың желісін бөлу нүктесі болып табылады; көпқабатты тұрғын үйлердегі тұтынушы мен энергия беруші

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

немесе энергяимен жабдықтаушы ұйым арасындағы пайдалану жауапкершілігінің басқару (элеватор) торабының кіріс бекіткіштерінің бірінші бөлу фланецімен анықталады;

баланс меншігінің шекарасы-жылу желісінің баланстық меншігімен айқындалатын, энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен Тұтынушы арасындағы, сондай-ақ Тұтынушы мен қосалқы тұтынушы арасындағы жылу желісінің бөліну нүктесі болып табылады;

төлем құжаты- есепке алу аспаптарының нақты көрсеткішерінің негізінде Жеткізуші жазған, құжат (шот, хабардар, түбртек, шот-ескерту), олардың жоғында немесе уақытша бұзушылық болған жағдайда -есеп-айырысу жолымен, осының негізінде Тұтынушы тұтынылған жылу энергиясы үшін төлем жүргізеді;

жылу энергиясын тұтынушы (бұдан әрі тұтынушы) – «Жылу энергиясы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өз қажеттлігіне тұтыну және (немесе) қосалқы тұтынушыға сату үшін жылу энергиясын сатып алатын, жеке және заңды тұлға;

қосалқы тұтынушы-жылу желілері (немесе) жылу тұтынатын қондырғылары тұтынушының жылу желілеріне қосылған тұтынушы;

уәкілетті органның ведомствосы-табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы;

2 Тарау. Шарт мәні

2. Шарттың алдындағы міндетті талаптар Шартта жеке қосымшалар ретінде ресімделеді және оның ажарамас бөлігі болып табылады.
3. Жеткізуші Тұтынушыны жылу энергиясы энергия беруші ұйымдардың қосылған желісі арқылы жеткізуге міндеттенеді.

Бұл ретте тұтынушыларға жеткізілетін жылу энергиясының параметрлері (сапа) тараптардың меншік балансының шекарасында орнатылған коммерциялық есепке алу құралының көрсеткіштері негізінде айқындалады және мемлекеттік стандарттарда немесе энергетика саласындағы өзге де нормативтік техникалық құжаттамада, сондай-ақ Жеткізуші жасаған және жергілікті атқарушы органдармен келісілген температуралық режимде белгіленген талаптарға сәйкес келуі мүмкін.

Жеткізуші шартқа сәйкес тұтынушыны жылу энергиясымен қамтамасыз етуге міндетті.

4.Жылу энергиясын өткізу бойынша қызметтер көрсету шартында тараптардың келісімі бойынша өзге шарттар болуы мүмкін.

3 Тарау. Тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі

5. Тұтынушының құқығы:

1) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша жылу энергиясын сату жөніндегі қызметтерді сатып алуға;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

2) осы шартпен белгіленген, көлемде және мерзімде белгіленген сападағы қызметтерді алуға;

3) тараптардың келісімі бойынша шаруашылық және тұрмыстық тұтыну үшін қажетті мөлшерде жылу энергиясын алуға;

4) шартпен белгіленген, кәсіпкерлік мақсаттар үшін тұтынылатын жылу энергиясының мөлшерін өзгертуге;

5) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес тарифтердің (бағаның, алым мөлшерлемелері) өзгеруі немесе олардың шекті деңгейлері туралы Жеткізушіден ақпарат алуға;

6) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес үздіксіз өндіріспен байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде жылу энергиясын үздіксіз алуға;

7) жасалған шарттың талаптарына сәйкес Жеткізушіден жылу энергиясын сату қызметі үшін төлемді қайта есептеуді және жылу энергиясын толық жеткізбеу немесе сапасыз жеткізу салдарынан келтірілген нақты залалды өтеуді талап етуге;

8) Жеткізушіден сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылу энергиясын сату қызметі үшін төлемді қайта есептеуді талап етуге;

9) Шартты жасау мен орындауға байланысты, даулы мәселелерді шешу үшін уәкілетті және (немесе) сот органдарына жүгінуге;

10) жұртшылық тыңдауларға қатысуға;

11) Жеткізушіні хабардар ету және Жеткізуші көрсеткен қызметтердің көлеміне толық ақы төлеу шартымен Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;

12) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға;

13) Шарт Жеткізушінің нақты көрсеткен қызметтері үшін ақы төлеу шартымен отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей Жеткізушіге жазбаша хабарлау арқылы біржақты тәртппен бұзылады. Бұл ретте жылу жүйесі көппәтерлі тұрғын үйдің жалпы жылу жүйесінің құрамына кіретін жеке үй-жайдың меншік иесінің жылу энергиясын сату шартынан біржақты бас тартуына жол берілмейді.

6. Тұтынушы міндетті:

1) Шарт талаптарына сәйкес жылу энергиясын сату бойынша Жеткізуші көрсеткен қызметтерді толық көлемде және уақтылы төлеуге;

2) есептеу құралының істен шыққаны немесе жұмыс режиім мен шарттарының бұзылғаны туралы Жеткізушіге дереу жазбаша хабарлауға, әйтпесе есепке алу аспаптары тиісті құжаттармен расталған соңғы тексеру күнінен бастап жарамсыз деп танылады.

3) пайдаланудағы желілердің, құрылғылардың және жабдықтардың тиісті техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, белігліенген энергия тұтыну режимін сақтау және энергияны пайдалану кезінде туындайтын апаттар, өрттер және басқа да бұзышылықтар туралы Жеткізушіге дереу хабарлауға;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

4) жылу тұтынатын қондырғыларды іске қосу алдында және әрбір жылыту маусымының алдында жоспарлы жөндеу және апатты қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу жағдайларын қоспағанда, Жеткізуші берген техникалық дайындық актісін ресімдеу бойынша іс-шаралар кешенін жүргізуге;

5) құрылғылар мен жабдықтардың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылау үшін жылу энергиясын есептегіштерге және жылуды тұтынатын қондырғыларға Жеткізушінің өкіліне және мемлекеттік энергетикалық бақылауға кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

6) Шартты бұзған кезде жылу энергиясын сату бойынша Жеткізушінің нақты көрсеткен қызметтері үшін есептерді салыстырып, берешекті өтеуге;

7. Жеткізушінің құқығы

1) жылу энергиясын пайдалану ережелеріне сәйкес тұтынушылар орындауға міндетті техникалық талаптарды белгілеуге;

2) жылу энергиясын пайдалану ережелерімен белігленген, тәртіпте техникалық қызмет көрсетуді іске асыру, есепке алу аспаптарын тексеруді ұйымдастыруға;

3) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша жылу энергиясын сату жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге төлемді өндіруге;

4) уәкілетті орган бекіткен, тәртіпте тарифтердің қолданылу мерзімінде жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді төмендетуге;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасымен белгіленген, өзге әрекеттерді іске асыруға;

8. Жеткізуші міндетті:

1) жылу энергиясын өткізу бойынша қызметтерді барлық тұтынушылар үшін тең Шарт ұсынуға;

2) жылу энергиясын өткізу бойынша қызметтерді ұсынуға шартты Тұтынушымен жасасуға;

3) жылу энергиясын өткізу бойынша көрсетілген қызметтер үшін тұтынушылардан төлемдерді қабылдауды, оның ішінде заманауи ақпараттық-технологиялық құралдарды пайдалануды қамтамасыз етуге;

4) жылу энергиясын өткізу бойынша қызмет көрсетуге Шарт жасасу кезінде тұтынушылардың құқықтарының бұзылуына жол бермеуге;

5) бөлу шекарасында жылу желілерінің меншік балансын, осы Шартта көрсетілген жылу энергиясының параметрлерін сақтауға;

6) тұтынушыға өз құзіреті шегінде мемлекеттік органдар белгілеген, сапа талаптарына сәйкес, сондай-ақ Шарт талаптарында белгіленген, тәртіппен және мерзімдерде жылу энергиясын өткізу жөніндегі қызметтерді көрсетуге;

7) жасалған Шарт талаптарына сәйкес, жылумен жабдықтау қызметтерінің құнын қайта

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

есептеу және жылу энергиясын жеткіліксіз жеткізу немесе сапасыз жеткізу салдарынан келтірілген нақты залалды өтеуді, уәкілетті орган бекіткен, сыртқы ауа температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау қызметтерінің құнын қайта есептеу әдістемесіне сәйкес сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау қызметінің құнын қайта есептеу нәтижелері бойынша тұтынушыларға қаражатты қайтаруға;

8) тұтынушыға берілетін жылу энергиясының есебін жүргізу және сапасын бақылау, жылу энергиясының сапасының бұзылуына болдырмау және жою бойынша уақтылы шаралар қабылдауға;

9) жылу энергиясының сапасының төмендеуіне байланысты тұтынушының жазбаша өтініші немесе ауызша өтініші берілген күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде оның сапасын қалпына келтіру және қайта есептеу бойынша барлық шараларды қабылдауға;

10) осы Шартта көзделген, жағдайларды қоспағанда, жылу энергиясын беруде үзілістерге жол бермеуге;

11) Тұтынушының кінәсінен емес есепке алу аспабы істен шыққан жағдайда жылу энергиясына есеп-айырысу Тұтынушының өткен жылдың осы кезеңіндегі орташа тәуліктік тұтынуына негізделеді;

12) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген, мерзімдерде тарифтердің (баға,алым мөлшерлемелері) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгеруі туралы тұтынушылардың назарына жеткізуге;

13) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына тиісті өзгерістер енгізілген жағдайда, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Тұтынушы үшін жылу энергиясын өткізу тарифтерін төмендетуге;

14) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес, өндіріспен байланысты, қызметті іске асырған кезде Тұтынушыға жылу энергиясын үздіксіз ұсынуға;

15) Тұтынушылардың өкілдерінің қатысуымен жылу энергиясын есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу немесе тұтынушы өкілдерінің қатысуымен энергия беруші ұйым өкілдерінің көрсетікштерін алуын қамтамасыз ету немесе есептегіш аспаптарды қашықтықтан қабылдауға.

9. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік арқалайды.
10. Шотты оны төлеу мерзімі басталған уақытқа дейін төлемегені үшін Жеткізуші Тұтынушының төленбеген сомасына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Тұтынушының ақшалай міндеттемесін нақты орындаған күні белгілеген, қайта қаржыландыру ставкасының 1,5 еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде, бірақ төлем мерзімін кешіктірген әрбір күн үшін қарыз сомасынан аспайтын мөлшерде өсімпұл алуға құқылы.
11. Тұрақсыздық айыбының мөлшері Шарт жасалған кезде анықталды.Айыппұлды есептеу кезеңінің басталуы, егер тараптардың келісімнде өзгеше көзделмесе, есеп-айырысу кезеңінен кейінгі айдың бірінші күні болып табылады.
12. Егер Жеткізушінің Тұтынушыға жылу энергиясын өткізу қызметін көрсету мүмкіндігінің болмауы Жеткізушімен шарттық қатынастарда тұрған басқа тұлғалардың кінәсінен туындаса, Жеткізуші Тұтынушылар алдында жауапты болады.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Айыппұлды төлеу тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

4 Тарау. Жеткізілетін жылу энергиясының сапасы мен көлемі

13. Жеткізушінің диспетчерлік қызметінің журналында жылу энергиясын беруді тоқтату уақыты, сондай-ақ оның сапасының нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеуі уақыт (күні, сағаты) белгісімен белгіленуі тиіс, содан кейін қажетті (тиісті) сапада жылу энергиясын беруді қалпына келтіру уақыты туралы белгі қойылады.
14. Сапасыз жылу энергиясын беруде немесе беруде үзіліс болған жағдайда Тұынушы оны беру уақытын, күнін және оны берген және қабылдаған тұлғаның тегі,мен аты-жөнін міндетті түрде көрсете отырып, бұл туралы Жеткізушіге жеке (өтінішпен) өзі немесе телефонограмма арқылы хабарлайды. Телефонограммада тауар сапасының (жоғы) нашарлай бастаған кезі, бұзылу сипаты, Жеткізуші өкілдерінің (егер жылу энергия сапасының нашарлауы немесе Жеткізушінің оны жеткізуді тоқтатуы журналда тіркелмеген) қатысу қажеттілігі көрсетіледі.

Тұтынушы жеке жүгінген кезде өтініштің көшірмесі болуы керек, онда оның қабылданғаны тіркелген кезде тіркеу нөмірі, өтінімнің берілген күні мен уақыты, оны қабылдаған Жеткізуші өкілінің қолы көрсетіледі. Жылумен жабдықтау тоқтатылған, параметрлері нашарлаған жағдайда, ауытқу басталған сәттен бастап тәуліктен кешіктірмей өтінім дереу беріледі.

Жеткізуші журналға өтінімде (телефонограммада) көрсетілген тауар сапасының ауытқуы, тұтынушыларға жеткізудегі үзілістер туралы жазбалар жасайды және келіспеушіліктер болмаған жағдайда көрсеткіштердің есептелгеннен орташа тәуліктік ауытқуы негізінде оның нақты тұтынуына сәйкес тауардың өзіндік құнын қайта есептейді.

15. Жеткізуші жылу энергиясын бермеу немесе сапасыз тауарды (жылу энергиясын) жеткізу фактісін куәландырудан бас тартқан жағдайда Тұтынушы жазбаша өтініш беруге құқылы, онда көрсетіледі:

тауарды жеткізуден бас трату немесе оларды жеткізудің сапапсыздығы басталан уақыт;

тауар сапасының нашарлау сипаты;

өтінім беру уақыты және тіркеу нөмірі (Жеткізушінің журналы бойынша);

жылу энергиясын беруді қалпына келтіру уақыты (оның сапасын қалыпқа келтіру);

тауардың (сапаның нашарлауы)жоқ кезінде.

Өтінішке Тұтынушы, екі тәуелсіз куәлармен,Тұтынушының жылу шаруашылығына жауапты тұлға қол қояды және Жеткізушіге жолданады. Дау реттелмеген жағдайда Тұтынушы атомдық энергияны және электр энергетикасын пайдалану саласындағы басшылықты іске асыратын органға жүгінуге немесе сотқа талап-арыз беруге құқылы.

5 Тарау. Жылу энергиясын жеткізу және тұтыну режимі

16. Жеткізуші, егер тараптардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, жылу энергиясын үздіксіз береді.
17. Тұтынушылар тұтынатын жылу энергиясының жүктемесі мен көлемін Шартта көрсетілгеннен асатын, бірақ мәлімделген және алынған техникалық шарттарда

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

тіркелген жобалық мәндерден астпайтын ұлғайтуға тұтынушының өтініші бойынша Жеткізушінің рұқсатымен, бұл Шартқа тиісті өзгерістер енгізіледі.

18. Тұтынушы Шартта көзделген жағдайларда жылу энергиясын сату бойынша қызмет көрсету көрсетушіге, сондай-ақ жылу энергиясын тұтыну режимін және осы Шартта көзделген өзге де Шарттарды сақтауға міндеттенеді.

6 Тарау. Тариф мөлшері

19. Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша Тұтынушы жылу энергиясын сату бойынша Жеткізушінің қызметтеріне ақы төлеуді жүргізеді.
20. Жылу энергиясын өткізу бойынша Жеткізуші нақты көрсеткен қызметтерге ақы төлеуді Тұтынушы есепке алу аспаптарының көрсетікштеріне сәйкес айдың 25-інен кешіктірмей жүргізеді. Есепке алу аспаптары болмаған жағдайда Тұтынушының төлемі осы Шарттың 43-тармағына сәйкес жүргізіледі.
21. Егер алдыңғы кезеңдер үшін қарыз болса, ең алдымен төлем осы қарызды өтеуге жолданады. Егер тұтынушы есеп-айырысу кезеңіндегі нақты сомадан асатын соманы төлесе, бұл асып кетудің айырмасы автоматты түрде келесі асеп-айрысу кезеңіндегі авансық төлемге қосылады (немесе тараптардың келісімі бойынша, егер бар болса, басқа жағдайларда Тұтынушының Жеткізушіге берешегін өтеуге). Егер Тұтынушы келесі есепті кезеңге Жеткізушінің қызметінен бас тартатын болса, онда артық төленген сома қайтарылады.
22. Коммерциялық есепке алу аспаптарының дұрыс жұмыс істемеуі нәтижесінде және басқа жағдайларда шоттарға түзетулер енгізу қажет болған жағдайда, тараптар келесі есеп-айырысу кезеңдерінде шоттарға түзетулер енгізеді.

23.Тұтынушының жылу энергиясын өткізу бойынша Жеткізушінің қызметтеріне ақыт төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындау төлем құжатында көрсетілген деректемелер бойынша Жеткізушінің ағымдағы шотына қаражатты аудару деп танылады.

7. **Тарау. Сыртқы ауа температурасына байланысты жылу энергиясын жеткізу кестесі**

24.Жеткізілетін жылу тасығыштың температурасын Тұтынушының есепке алу қондырғысындағы температуралық кестеге сәйкес энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйым белгілейді.

25. Ыстық суда жылу энергиясын пайдаланған кезде және тұтынушының есепке алу қондырғысындағы температуралық кестені сақтаған кезде Тұтынушы кесте бойынша оның мәнінен аспайтын температурасы бар кері желілік суды қайтарады. Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес есептеу құралы жоқ Тұтынушылар үшін шарттық көлемнен артық берілген жылу энергиясының көлемі есептеледі.

8 Тарау. Тараптардың баланстық тиесілігін және пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы

26. Егер Шартта өзгеше көзделмесе, жылу энергиясын босатуды есепке алу тараптардың баланстық тиесілігі шекарасында жүргізіледі. Тараптардың баластық тиесілік бөлімінің шекарасында емес есепке алу аспаптарын орнату кезінде бөлу шекарсынан есепке алу аспаптарын орнату орнына дейінгі желі кучаскесіндегі ысыраптар көрсетілген учаске балансында орналасқан иелунішіге жатқызылады.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Жылу ысыраптарын есепеу немесе жылу ысыраптарына сынақты Тұтынушымен бірлесіп энергия беруші ұйым жүргізеді.

27. Тұтынушылардың меншігіндегі, оның ішінде тұтынушылардың ортақ меншігіндегі жылу желілерінің жабдықтарының техникалық жай-күйіне және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапкершілік Тұтынушыларға жүктеледі және баланстық меншіктің шекарасымен айқындалады.

Жылу энергиясын есепке алу аспаптарының сақталуына жауапкершілік оның иесіне жүктеледі және баланстық меншік шекарасымен айқындалады.

Орган управления кондоминиум басқару органы жылуды тұтынатын қондырғыларға дербес немесе мамандандырылған ұйыммен келісім бойынша қызмет көрсете алады.

28. Жылу энергиясын және (немесе) жылу тасығыш аспаптық әдіспен коммерциялық есепке алуды жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, Жеткізуші Тұтынушының өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі, бірақ бір айдан аспайтын орташа тәуліктік тұтынуы негізінде есепке алу аспабы істен шыққан кезден бастап есептеуді жүргізеді, оның ішінде есепке алу қалпына келтірілуі тиіс (Тұтынушының кәнісінен есепке алу аспабының істен шығуы, есепке алу аспабын салыстырып тексеру үшін алу).

Егер есепке алу аспабын көрсетілген мерзіде қалпына келтіру мүмкін болмаса, Жеткізуші есепке алу аспаптары жоқ, тұрмыстық тұтынушылар үшін жылумен жабдықтауға арналған тұтыну нормасы бойынша, басқа тұтынушылар үшін -сырқы ауаның нақты температурасын ескере отырып сағаттық максималды жүктеме бойынша белгіленген кезеңдерге қосымша есептеулер жүргізеді.

Үшінші тұлғалар есепке алу аспаптарын ұрлаған немесе сындырған жағдайда, егер Шартта өзгеше көзделмесе, сақталуына жауапты адам есепке алу аспаптарын бір ай мерзімде қалпына келтіруге міндетті. Есепке алу аспаптарын қалпына келтіру сәтіне дейін Тұтынушы оны жылу желісіне қосуды талап етуге құқылы.

9 Тарау. Қосалқы тұтынушылар туралы деректер (бар болса):

29. Қосалқы тұтынушылар туралы деректер (бар болса):

1) Жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

2) Т.А.Ә./заңды тұлғаның атауы (лауазымы)

3)Негізінде әрекет ететін:

4) Объектінің атауы:

5) Жалпы жылытылатын аудан.

10 Тарау.Шартты бұзу талаптары

30. 30. Шартты бұзу, егер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, өзге де заңнамалық актілерде және осы Шартта өзгеше көзделмесе, тараптардың келісімі бойынша мүмкін болады.
31. Тараптардың біреуінің талабы бойынша тек шарт сот шешімі бойынша бұзылуы мүмкін:

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

1) екінші тарап шартты елеулі түрде бүзған жағдайда;

2) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, өзге де заңнамалық актілермен немесе осы Шартпен көзделген, өзге жағдайларда.

Тараптардың бірінің шартты бұзуы, егер ол екінші тарапқа шарт жасасу кезінде күтуге құқығы болған нәрседен елеулі түрде айырылатындай зиян келтірсе, елеулі болып саналады.

32.Шартты бұзу туралы келісім, егер заңнамада, шартта немесе іскер қызметте өзгеше көзделмесе, шарт сияқты нысанда жасалады.

33. Шартты бұзу туралы талапты тарап екінші тараптың шартты бұзу туралы ұсыныстан бас тартуын алғаннан кейін не ұсыныста белгіленген немесе заңнамада немесе шартта белгіленген мерзімде жауап алмағаннан кейін, ал ол болмаған жағдайда отыз күні ішінде сотқа жүгінуі мүмкін.
34. Шарт бұзылған кезде тараптардың міндеттемелері тоқтатылады.
35. Шарт бұзылған жағдайда міндеттемелер, егер тараптардың келісімінен өзгеше туындамаса, тараптар шартты бұзу туралы келісімге келген кезден бастап, ал шарт сот шешімі бойынша бұзылған жағдайда-шартты бұзу туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезден бастап тоқтатылды деп есептеледі.
36. Егер заңнама актілерінде немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, тараптардың шарт бұзылғанға дейін міндеттеме бойынша орындалғандарын қайтаруды талап етуге құқығы жоқ.
37. Егер шартты бұзуға тараптардың бірінің шартты елеулі түрде бұзуы негіз болса, екінші тарап шартты бұзудан келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы.
38. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, өзге заңнамалық актілерде немесе тараптардың келісімінде көзделген жағдайларда шартты орындаудан бір жақты бас тартуға (шарттан бас тарту) жол беріледі.

11 Тарау. Коммерциялық есепке алу аспаптарына қойылатын тиісті талаптарды қоса, тұтынушыға есеп беру және есеп-айырысу әдісі

39. Тұтынушылардың жылу тұтынатын қондырғыларды жылу энергиясының құнын есептеу үшін қажетті есепке алу аспаптарымен қамтамасыз етілген.

Тұтынушы есепке алу аспаптарын өз бетінше сатып алуға және орнатуға құқылы. Жеткізуші есепке алу аспабын сатып алған және орнатқан жағдайда Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы қолданыстағы заңнамасында көзделген, тәртіпте жылу энергиясын есепке алу аспабын сатып алуға және орнатуға тиісті шарт жасасады.

Жылу энергиясын есепке алуды ұйымдастыру, жылу тасығыштың жылу энергиясын есепке алу торабының техникалық жай-күйін нормативтік- техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес болуы керек.

40. Жылу энергиясын есепке алу үшін түрлері өлшемдердің бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік тізілімге енгізілген есепке алу аспаптары қолданылуы тиіс. Бұл жағдайда оларда бастапқы немесе кезеңдік тексеру жүргізуге құқығы бар, ұйымның таңбасы болуы керек.

Есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін Тұтынушының не оның өкілінің қатысуымен энергия беруші (энергиямен жабдықтаушы) ұйымның өкілі, ал қашықтықтан көрсеткіштері бар

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

есепке алу аспаптарын орнату кезінде жүргізеді, Тұтынушының қатысуынсыз қабылдайды.

Сонымен қатар, Тұтынушы есепке алу аспаптарының көрсеткіштерінің қағазға басып шығарылған нұсқасын немесе электронды нұсқасын алуға құқылы.

Тұтынушының кінәсінен есепке алу аспаптарынан көрсеткіштерді алу мүмкін болмаған жағдайда және Тұтынушының өзі энергия беруші ұйымға өзі тұтынған жылу энергиясының көлемі туралы ақпаратты ұсынбаған жағдайда, энергиямен жабдықтаушы ұйым нақты тұтыну бойынша кейіннен қайта есептеу отыра, өткен жылдың сәйкес кезеңі үшін Тұтынушының жылу энергиясын орташа тәуліктік тұтынуы бойынша көрсетілен кезеңдерге есептеулер жүргізуге құқылы. Тұтынушының кінәсінен есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алудың мүмкін еместігі Жеткізушінің журналында тиісті жазбамен расталады.

41. Есепке алу аспаптарының кезеңді тексерісін, жөндеуі мен техникалық қызмет көрсетілуін энергия беруші ұйым не Тұтынушымен жек шарт бойынша, қызметтің осы түріне рұқсаты бар, мамандандырылған ұйым жүзеге асырады.

Тұтынушы есепке алу аспаптарын кезеңді тексеру, жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыс жүргізу үшін мамандандырылған ұйымды өз бетінше таңдауға құқылы.

42. Тараптар өз қаражаты есебінен баланстағы есепке алу аспаптарына метрологиялық тексеруді тиісті метрологиялық стандарттарда көзделген мерзімде жүргізеді.

. Тараптар сұрау салушы тараптың қаражаты есебінен жүргізілетін, қосымша тексерістерді талап ете алады.

43. Жеткізуші беретін және Тұтынушы қабалдаған жылу энергиясының мөлшері есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша анықталады. Тұрмыстық тұтынушылар үшін есепке алу аспаптары болмаған жағдайда төлем мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамсына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі бекіткен нормалар бойынша айқындалады, реттеліп көрсетілетн коммуналдық қызметтерді есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін және Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

12 Тарау. Дауларды сотқа дейінгі және сотта реттеу тәртібі

44. Жылу энергиясын өткізу бойынша қызметтерді көрсету шарты жеке тәртіпте Тұтынушымен жасалады.
45. Шарттың кез-келген ережелерінен немесе жалпы немесе шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселелерге немесе әрекеттерге байланысты кез-келген дау немесе келіспеушілік туындаған жағадайда, тараптардың кез-келгені екінші тарапқа даудың мәні туралы толық мәлмдемесі бар талапта жіберуге құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер арқылы шешу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

46. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкер орналасқан жердегі соттарда шешіледі.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

47.Тараптардың Шарттан туындайтын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

48. Шарт қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрбір тарапқа бір данадан беріледі.
49. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгі шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге шарттамен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге арналған Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

13 Тарау.Шарттың қолданылу мерзімі

50. Шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 2025 жылғы "31" желтоқсан бойынша қолданыста.
51. Шарттың қолданылу мерзімі, егер тараптардың бірі бұл туралы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін отыз күнтізбелік күн бұрын мәлімдеген болса, жылу энергиясының көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Мерзімнің соңында тараптардың бірінің шартты бұзу немесе өзгерту туралы мәлімдемесі болмаған жағдайда, ол шартты көзделгендей мерзімге және шарттарға ұзартылды деп есептеледі.

14.Шартқа қосымша

52. Осы Шартқа қосымшалар, егер жаңалары дайындалмаса, осы Шарт жасалғанға дейін қолданыста болған «Севказэнергосбыт» ЖШС-мен жылу энергиясымен жабдықтау қызметтерін көрсету туралы Шартқа бұрын берілген қосымшалар болып табылады.

15 Тарау. Заңды мекен-жайлар, банктік деректемелер және тараптардың қолдары

Жеткізуші:
Петропавл қ. Строительная к.23
БСН 990 140 000 176
ЖСК KZ516010251000054991
«Қазақстан Халық Банкі»
БСК HSBKKZKX
КБЕ 17
ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік: серия 48001 2012ж. 05.12. № 0005364
Бас директордың м.а.

_____ Холоша В.В

Тұтынушы:
«Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық министірлігі Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция Комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясы» ММ
Петропавл қ., Парковая к.57В
БСН 991040002756
ЖСК KZ92070101KSN0000000
БСК KKMFKZ2A
«Қазақстан Республикасының Қаржы министірлігінің Қазынашылық Комитеті» РММ
Тел.: 533742
Басшысы

Бүркіталин Нұрлан Кенесұлы

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Аббревиатураларды таратып жазу:
БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК – банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС – қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

1-қосымша

Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:
Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
001-123-151 : Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу												
	"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі	Коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге ыстық суды (жылу энергиясын) бөлу бойынша қызмет көрсетулер	Коммуналдық-тұрмыстық қажеттелктерге жылы суды (жылу қуатын) тарату, бөлу бойынша қызметтер.	ОТИ, Петропавл ГТИ жылумен жабдықтау	Бір қызмет	1	750 000.00	2025 жылғы 2 жартыжылдық ішінде	2025 жылғы 2 жартыжылдық ішінде	Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ. Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ. Парковая көшесі 57 В, Гоголь көшесі 19 (1)	0	750 000.00

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Типовой договор

на оказание услуг по реализации тепловой энергии

№512/5428

г.Петропавловск «01» июля 2025 г.

ТОО «Петропавловские Тепловые Сети», г. Петропавловск, БИН 990 140 000 176, в лице и. о генерального директора Холоша В.В., действующего на основании Устава именуемый в дальнейшем **Поставщик**, с одной стороны, и ГУ "Северо-Казахстанская областная территориальная инспекция Комитета государственной инспекции в агропромышленном комплексе Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан", адрес г.Петропавловск, ул.Парковая 57В, бизнес идентификационный номер 991040002756 в лице руководителя Буркуталин Нурлан Кенесович, действующего на основании Положения, именуемый в дальнейшем **Потребитель**, с другой стороны, заключили настоящий Договор (далее – Договор) о нижеследующем.

Глава 1. Основные понятия, используемые в Договоре

1. В Договоре используются следующие основные понятия:

расчетный период – период времени (календарный месяц), определяемый договором на теплоснабжение, за который потребленная тепловая энергия учитывается и предъявляется к оплате Потребителю;

расчет за тепловую энергию – оплата Потребителя за потребленную тепловую энергию по истечении расчетного периода на основании предъявленного Поставщиком платежного документа;

система теплоснабжения – комплекс установок, предназначенных для производства, транспортировки и использования теплоносителя;

теплопотребляющие установки – комплекс устройств, предназначенных для использования тепловой энергии, теплоносителя для нужд потребителя тепловой энергии;

тепловая сеть – система трубопроводов и устройств (включая центральные тепловые пункты, насосные станции), предназначенная для транспортировки и регулирования потока теплоносителя с целью передачи тепловой энергии от источников тепловой энергии до теплопотребляющих установок;

теплоноситель – жидкое или газообразное вещество (пар, воздух, вода и другие вещества), используемое для транспортировки тепловой энергии;

тепловая энергия – энергетический ресурс, являющийся товаром, при потреблении которого изменяются термодинамические параметры теплоносителей;

